Сөздерді бірге не бөлек жазудың ұстанымдарын айқындау - мамандарды да ойлантатын күрделі мәселе. Бір қарағанда бір зат пен ұғымның атауы болып тұрған екі түбірден құралған сөздерді біріктіріп жаза беруге болатын секілді. Мысалы, «аяқкиім» сөзі бірге жазылса, осыған ұқсас «іш киім», «сырт киім» деген сөздер бөлек жазылады. «Жалаң аяқ», «тобан аяқ», «шыны аяқ» сөздері бөлек жазылса, осыған ұқсас «шоқаяқ», «жүкаяқ», «шотаяқ», «итаяқ» деген сөздер бірге жазылады. Сондықтан сөздерді бірге не бөлек жазудың заңдылықтарын білу, олардың басты ұстанымдарын айқындау жазу емлесінде өте маңызды мәселе болып табылады. Тіркес келген екі сөздің ішкі мазмұн межесі сөздің бірге немесе бөлек жазылуын айқындайды, яғни сөздің сыртқы тұлғасын, тұрпат межесін, анықтайды. Мәселен, «ақ аю» сөзіндегі «ақ» тура мағынада тұрғандықтан олар бөлек жазылса, ал «ақбөкен» сөзіндегі «ақ» өзінің тура мағынасынан алшақтап, көмескіленіп тұрғандықтан бірігіп жазылады. Бірге немесе бөлек жазу үшін тіркесті сөздердің жалпылай алғандағы мағыналық ерекшеліктеріне, сыңарлар арасында синтаксистік қатынастың бар, жоқтығына және сөздердің қолданылу қызметтеріне қарау керек. «Сөз» сыңарлы біріккен сөздерге «баспасөз», «жарыссөз», «келіссөз», «қарасөз»

т.б. жатады. Мұнда «баспасөз» – баспадан шығарылған газет-журнал, «келіссөз» – екі жақтың өзара келісім шарты» деген ауыс мағынада тұр. Сондықтан олар бірге жазылады. Ал «алғы сөз», «соңғы сөз», «қаратпа сөз», «төл сөз», «төлеу сөз», «қос сөз», «құрама сөз», «біріккен сөз», «қысқарған сөз», «өлең сөз», «жұмбақ сөз», «шаршы сөз», «жалпақ сөз», «көркем сөз», «жел сөз» күрделі атаулары Д1Д1 қатынаста тұр, яғни тура мағынада тұрғандықтан бөлек жазылады[6.52].

Жаңа емле ережелерінде екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады деп жазылған: көкөніс, шекара, жертөле, бағдаршам, бейнебаян, сусабын[3.16].

Екінші сыңары -лық/лік (-дык/дік, -тық/тік) қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика (ортаазиялық, жержүзілік, арампиғылдық, бүкіләлемдік, жалпыхалықтық, бірреттік), -ар/ер қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары (ауызашар, атқамінер), -лар/лер, -дар/дер, -тар/тер қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар (ашатұяқтылар, балыққоректілер, жалаңкөзділер, ағашкеміргіштер), -қыш/кіш (-ғыш/гіш) қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары (кеспекескіш, сабынсалғыш, өртсөндіргіш), -ты/ті (-ды/ді) (шаруабасты, немкетті, сүйкейсалды), -ра/ре, -ба/бе, -ма/ме (алыпқашпа, баукеспе), -ыс/іс-с (жанбағыс, кіреберіс, күнкөріс), -ғы/гі,-қы/кі, -қ (ауақыздырғы, ауасүзгі, бөріойнақ) қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады[3.16].

«Әсіре, бір, көр, жалпы» және «аван, авиа, авто, агро, анти, аеро, гидро, гипер, евро, изо, интра, инфра, кино, мега, мини, радио, теле, транс, ультра, фото, электр» сөзалды сыңарларымен, сондай-ақ «бел» қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады: әсіресолшыл, біржұтым, бірқайнатым, көпмәнді, көпмүше, жалпыұлттық, жалпымемлекеттік, авансахна, авиамектеп, автожол, агрокешен, аптидене, аерошана, электрсүзгі, фотосурет, гидробекет, гипербелсенді, инфрақұрылым, изосызық, киноқондырғы, радиобайланыс, телеарна, трансшекара, ультрадыбыс, еуроспорт, мегажоба, минижоба, бейкүнә, бейхабар[3.16].

Екінші сыңары «аралық, құмар, жанды, таны, таным, жай, хат, ақы, ішілік» сияқты сөздермен және «сымақ» қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады: халықаралық; атаққитар; ұлтжанды; жаратылыстану; тілтаным; жылужай; ашыққхат (ашыққхат сыйлау); зейнетақы; мекемешілік; әкімсымақ. Бірақ анықтауыштық қатынас сақталған күрделі сөздер бөлек жазылады: ашық хат, қызметтік хат. «Еш, әр, кей, бір, қай, қайсы, әлде» сөздерімен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады: ешкім; әркім; кейбір; бірдене; қайбір; әлдеқалай; әртүрлі. Ескерту бойынша, «әр, кей, бір, қай, әлде» сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады: әр ел; кей бала; бір жұмыс; қай заман; әлде шын, әлде өтірік[3.17]. Бірінші сыңары «ақ, қара, сары, көк, қызыл, ала, боз» тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады: ақиық (құс), ақшабақ (балық); қарақұс, қараағаш (өс.); сарыандыз (өс.), сарыгүл; көкқұтан (құс), көкбасшөп (өс.); қызылқасқыр (аң), қызылбидай; алабұға (балық), алабұлбұл (құс); бозбетеге (өс.), бозторғай. Үш құрамнан тұратын ботаникалық, зоологиялық атаулардың алдыңғы екі сыңары бірігіп жазылады: ақбас сиыр, ақкөт торғай[3.17]. Лексикалық мағынасынан ажыраған «қой, сиыр, түйе, бота, қозы, ат, қойан, айу, бөрі, қасқыр, ит» немесе «құм, су, бал, у, сор» сөздерімен тіркескен ботаникалық, зоологиялық атаулар бірге жазылады: қойжусан (өс.), сиыржоңышқа (өс.), ботабүрген (өс.), қозыгүл (өс.), атқұлақ (өс.), қойансүйек (өс.), айубалдырған (өс.), айубадам (өс.), бөріқарақат (өс.), қасқыржем (өс.), итбүлдірген (өс.), құмберіш (өс.), субетеге (өс.), балқарағай (өс.), укекіре, убидайық (өс.), сорқаңбақ (өс.). Ескерту бойынша, «ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар» сөздері аң-құс, өсімдік түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: ақ алабота, қара қарға, сұр жылан, шұбар бақа[3.19].

Екінші сыңары «шөп, гүл, тікен, жарырақ, тамыр, құс, балық, құрт, жидек, жеміс, қат» сияқты жалпы атау болып келетін ботаникалық атаулар бірге жазылады: еменшөп, қоңыраушөп; күймесгүл, қалтагүл; сортікен, шағыртікен; түймежарырақ, сүтжарырақ; алтынтамыр, белтамыр; тотықұс, көкқұс; тарақбалық, қылышбалық; қарақұрт, бөсірқұрт; қызылжидек, итжидек; тамыржеміс, торжеміс; қарақат, қызылқат. Лексикаланған фразеологизмдер және олардың қосымшалы түрлері бірге жазылады: ақсақал, ақсүйек, ақниет, ақниеттік, ақкөңіл, ақкөңілділік; көшбасшы, дүниеқоңыздану, ержүрек, ержүректік, жанпида, жанпдалық, атақоныс; басқосу, атсалысу, атүсті[3.19].

Сөздерді бірге не бөлек жазудың заңдылықтарын меңгеру үшін ғалым Қ.Күдеринова зерттеулеріне ерекше назар аудару керек деп есептеймін[6]. Себебі оның еңбектерінде сөздерді бірге жазудың бірнеше белгілері көрсетілген болатын. Ғалым бірге жазылатын сөздердің «сөзұластыруыш» және «сөзқұрастыруыш» деп екі белгісін көрсетеді[7.10].

Сөзұластыруыштарға екі сыңар соңынан жалғанатын қосымшасы бар тіркестерді, ал сөзқұрастыруыштарға жартылай жұрнақ, жартылай сөз қызметіне ауысқан аффиксоидтар (сөзсоңы сыңарлар) мен префиксоидтар (сөзалды сыңарлар), стандарт және жинақтаушы құрастыруыштарды жатқызады. Сонда құрастыруыштарды дерексіз-жалпынақты сипатына қарай аффиксоид, стандарт, жинақтаушы деп бөледі. Қосымшалардың сөз біріктіретін қасиеті бар екендігін сөзұластыруыштар деп көрсетілген -лар/лер, дар/дер (ағашкеміргіштер, қосжыныстылар, балыққоректілер) «сөзұластыруш жалғаулары», -лық/лік, дық/дік (араағайындық, дүниежүзілік, ортағасырлық), -лы/лі, ды/ді (қазақтілді, ағылшынтілді, қолжетімді, қамкөңілді), -ар/ер (ауызашар, атқамінер, ұйқыашар), -қыш/кіш (сабынсалғыш, өнертапқыш, қолжуғыш), -ты/ті (атсоқты, әлімжетті, күнқақты), -ма/ме (елкезбе, иекартпа, қолжазба, күнтізбе, суырыпсалма), -ыс/іс (құлаққағыс, беталыс, көзтаныс, көкөніс), ық/ік/к/к (бөріойнақ, сақинасалмақ, бөріойнақ), қы/кі (мұзқатқы, ойтүрткі) «сөзұластыруш жұрнақтары» жалғанған сөздердің бірігіп жазылуы арқылы көрсетеді. Ал алдыңғы жағы негізгі мағыналық жүкті арқалап тұрған сөздің соңына «хана» (асхана, баспахана, дәмхана, кітапхана), «құмар» (атаққұмар, сәнқұмар, өсекқұмар), «аралық» (ауданаралық, пәнаралық, салааралық), «тану» (абайтану, тілтану, театртану), «жай» (әуежай, мекенжай, саяжай), «жанды» (ақынжанды, малжанды, итжанды) сияқты «сөзқұрастыруыштар» жалғанып, алдындағы сөзге қосымша, көмекші мән үстеп тұратынын айтады[7.14].

Ғалым Қ.Күдеринова зерттеуінде сөздердің бірге жазылуының келесі бір маңызды белгісі ретінде «стандарт құрастыруыштар» деп атап, кейбір толық мағыналы сөздердің тіркестің соңғы сыңарында келіп, тура мағынадан ауып, көмекші сөздердей, жалпы мағына үстеп, бірге жазылуға сұранып тұратыны көрсетілген. Осындай стандарт құрастыруыштар қатарында «хат» (алғысхат, ашықхат, жолдаухат), «қап» (аяққап, шашқап, шынықап), «шөп» (арпашөп, арамшөп, өлеңшөп), «гүл» (азагүл, ақгүл, анаргүл інжугүл), «от» (ақот, семізот, киікоты), «жегі»(ағашжегі, тұқымжегі, шыбынжегі), «балық» (ақбалық, итбалық, қызылбалық, табанбалық), «ауру» (сарыауру, итауру), «той»(алтынтой, қоныстой, сүндеттой, мерейтой), «ақы» (көзақы, сұтақы, зейнетақы, өтемақы, пәтерақы), «басы» (елбасы, көшбасы, отбасы, рубасы, әскербасы) сияқты сөздердің бірге жазылатынын көрсеткен[7.22]. Сөздердің бірге жазылуына ұйытқы болатын келесі бір маңызды топты-бүтіннің бөлшегі ретінде сөз жасайтын тұлғалар, «бас» (атбас, шүйкебас, қаңғыбас, қылжақбас), «тікен» (әнектікен, бозтікен, түйетікен), «тамыр» (алтынтамыр, жертамыр, кіндіктамыр), «жапырақ» (ақжапырақ, балажапырақ, түйежапырақ), «құрт» (алақұрт, бүйенқұрт, есекқұрт), т.б. «жинақтаушы құрастыруыштар» деп атап, оның құрамындағы соңғы сыңарлары өздерінің тура мағынасында емес, жанама мағынада жұмсалып, біріккен сөз жасайтынын айтады[7.28].

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде, жаңа әліпби бойынша жазу емлесі талқылауларда айтылған ұсыныстар негізінде толықтырылып келеді. Алдағы уақытта да жетілдіріле түседі. Латын әліпбиімен жазу – емлені жетік меңгеру деген сөз, сондықтан емлеге жете назар аударған жөн. Жазу емлеміздегі әр жаңалықты тіліміздің болашағы үшін жасалып жатқан жақсы істердің жалғасы деп түсіну керек. Латын әліпбиіне көшу - ана тілімізді дамытып, оның қолданыс аясын кеңейте түсіп, мәртебесін әлемдік деңгейге көтеруге жасалған ең тиімді, дұрыс шешім. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін жаңа биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз. Сондықтан жазу емлеміздегі әр жаңалықты мұқият зерделеп, оны терең меңгере білуіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі». Қазақстан халқына жолдауы. -Астана. Елорда. 01.09.2021 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. -Астана. Елорда. 2017 ж.
3. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. Жоба.-Астана: тілорталық, 2018.- 30 б.
- 4.Жүнісбек Ә. Төл әліпби-төл жазу мәселелері.- Алматы: Дайк-Пресс, 2017. - 232 б.
5. Садуақас Н.А. Латын графикасына көшу: қазақ тілі әліпбиі мен емлесі. (ғылыми-танымдық еңбек). - Ақтөбе: Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе ӨМУ «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2018.- 80 б.
- 6.Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы.- Алматы: «Комплекс» баспасы, 2005. - 144 б.
7. Күдерінова Қ. Бірге ме, бөлек пе? - Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017.- 84 б.

References

1. Qasym-Jomart Toqayev. «Halyq birligi және jüielı reformalar – el örkendeuiniń berik negizi». Qazaqstan halqyna joldauy. -Astana. Elorda. 01.09.2021 j.
2. Nazarbaev N.Ä. Bolaşaqqa bağdar: ruhani jańğyru. -Astana. Elorda. 2017 j.
3. Jańa älipbi negizindegi qazaq tili emlesiniń erejeleri. Joba.-Astana: tilortalyk, 2018.- 30 b.
- 4.Jünisbek Ä. Töl älipbi-töl jazu mäseleleri.- Almaty: Daik-Press, 2017. - 232 b.
5. Saduqas N.A. Latyn grafikasyна köşu: qazaq tili älipbii men emlesi. (ğylymi-tanyndyq eñbek). - Aqtöbe: Q.Jübanov at. Aqtöbe ÖMU «Jübanov universiteti» baspa bölımı, 2018.- 80 b.
- 6.Küderinova Q. Birge және bölek jazylatyn sözderdiń orfografiyası.- Almaty: «Kompleks» baspasy, 2005. - 144 b.
7. Küderinova Q. Birge me, bölek pe? - Almaty: «Qazaq tılı» baspasy, 2017.- 84 b.

=====

Жас ғалымдар мінбесі
Трибуна молодых ученых
Young researchers' platform

=====

DOI 10.53364/24138614_2021_21_2_112
ЭОЖ 316.27

Жаледден М. Ә., М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 2 курс
магистранты
Ғылыми жетекшісі: Хасанов Ғ.Қ., ф.ғ.д., профессор
Орал қ., ҚР.

¹E-mail: jaledden@mail.ru

²E-mail: hasan.gabit@mail.ru

**«ТЕКТІЛІК» ЛИНГВОКОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК МОДЕЛЬДЕРІ
КОГНИТИВНЫЕ МОДЕЛИ ЛИНГВОКОНЦЕПТА» БЛАГОРОДСТВО"
COGNITIVE MODELS OF THE "NOBILITY" LINGUISTIC CONCEPT**

Аңдатпа. Бұл мақалада орта ғасырдан бастап зерттелініп келе жатқан, қазақ тіл ғылымындағы жаңа саласының бірі «когнитология» саласы туралы қарастырылады. «Когнитология» ғылымының басты нысаны концепт ұғымы, оның халықтық таныммен, тәрбиемен байланыстыра зерттелу жолдары туралы зерттеулер мен «концепт» терминінің тіл ғылымындағы зерттелу тарихы да көрсетілген.

Қазақ тіл білімі ғылымындағы когнитология ғылымының зерттелуі мен зерттеуші ғалымдар еңбектері аталып өтілген. Қазақ халқының болмысын көрсететін «тектілік» тілдік бірлігін когнитология ғылымымен байланыстыра зерттеп, оның концептік мағыналары ашып көрсетілген. «Тектілік» сөзінің когнитивтік модельдерін халықтық ұғымдармен байланыстырып, танымдық мағыналары тіл ғылымында қарастырылды.

Түйін сөздер: когнитология, концепт, когнитивтік модель, тектілік, таным, рухани құндылық.

Аннотация. В данной статье речь пойдет об одной из новых областей в науке казахского языка «когнитология», которая изучается со Средневековья. Основной формой науки «когнитология» являются исследования о понятии концепта, о путях его изучения в связи с народным познанием, воспитанием, а также история изучения термина «концепт» в лингвистике.

Языковое единство «блпгородство», отражающее бытие казахского народа, изучается в связи с наукой когнитивной, раскрываются его концептуальные смыслы. Когнитивные модели слова "благородство" были связаны с народными понятиями, а когнитивные значения рассматривались в лингвистике.

Ключевые слова: когнитология, концепт, когнитивная модель, благородство, познание.

Abstract. This article will focus on one of the new areas in the science of the Kazakh language "cognitology", which has been studied since the Middle Ages. The main form of the science "cognitology" is research on the concept of the concept, on the ways of its study in

connection with folk knowledge, education, as well as the history of the study of the term "concept" in linguistics.

The linguistic unity "nobility", reflecting the existence of the Kazakh people, is studied in connection with cognitive science, its conceptual meanings are revealed. Cognitive models of the word "nobility" were associated with folk concepts, and cognitive meanings were considered in linguistics.

Keywords: cognitology, concept, cognitive model, nobility, cognition.

Халық тілі – сол халықтың шынайы болмысының көрінісі. Тіл арқылы халықтың: мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын, менталитетін тани аламыз. Халықтың ұлттық болмысы сол тілдің, сол тілдегі сөздердің бойында жатыр.

Бүгінгі тіл ғылымында сол тірек сөздердің арқасында халықтың танымын тілмен байланыстыра зерттеу қолға алында. Яғни, бүгінді лингвистика ғылымында тіл мен танымды біріктіре зерттейтін «когнитология» саласы қарқынды дамып келеді. Танымдық ғылымның басты зерттеу нысанасының бірі – концепт, яғни тірек мағына ұғымы.

«Концепт» ұғымы туралы сөз қозғасақ. Жалпы, термин тіл ғылымындағы жаңа қолданысқа ие болғанымен, ол ортағасырдан бастап зерттеліп келе жатыр. «Концепт» термині ең алғаш рет «Латын-орыс сөздігінде» философ Ансельмнің енгізуімен пайдаланылған. Сөздікте терминге мынадай анықтамалар берілген:

- 1) Байланыс, жиынтық, жүйе;
- 2) Қойма (склад)
- 3) Құқықтық актілер тұжырымдамасы;
- 4) Ұрық қабылдау;
- 5) Сөйлем.[1.2-б]

Әрине, бұл уақытта «концепт» ұғымын таныммен бірге қарастыру болған жоқ. Алайда, осы көзқарастар нәтижесінде «концептуализм» терминінен «бірінғай номинализм» термині қалыптасты. Концептіні қандай да бір мағынаға негізделген «психологиялық білім», «атау» ретінде қарастыру қолданылған.

Тіл ғылымына «концепт» терминін әкелген В. Фон Гумбольдтың еңбектері. Бұлай деуімізге бірнеше себептерді қарастырсақ. Концепт алғашқыда философия, антропологиялық лингвистикаға қатысты қарастырылды дедік, ал В.фон Гумбольд «салыстырмалы антропология» жайынды идея айтып, әртүрлі ұлт өкілдерінің рухани тұтастығы мен ерекшеліктерін қатар қойып, салыстырып зерттеу жасаған болатын.

Қазіргі тіл білімі ғылымына терминді «тіл мен ойлау» тұрғысынан зерттеу нысаны ретінде орыс ғалымдары енгізді. Оның бірі орыс ойшылы С.А. Аскольдов еді. Одан кейін мәселесін ары қарай Е.Ф.Карский, А.А.Шахматов, А.Вежбицкая, А.Я.Гуревич, В.В.Колесов, В.Айрапетян, В.В.Воробьев, Д.С.Лихачев, В.Н.Телия, А.Н.Соболевский, М.Минский, т.б. ғалымдар еңбектерінде жан-жақты зерттеп, «концепт» терминінің теориялық негізін қалады.

Қазақ ғылымына келетін болсақ, «когнитивистика» жайында көзқарастар білдірген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Э.Сүлейменова, Ж.Манкеева, А.Ислам, Қ.Жаманбаева сияқты ғалымдар. Аталған ғалымдар этнолингвистика шеңберінде концептілер туралы алғашқы пікірлерді айтқан.

Бүгінгі таңда қазақ тіл біліміндегі антропоэктік пардигма тұрғысынан қарастырып зерттеу Г.Смағұлова, Н.Уәлиұлы, А.Алдашева, С.Сәтенова, Г.Сағидолда, Б.Момынова, А.Салқынбай, Б.Қасым, Э. Оразалиева, А.Ислам т.б. зерттеушілердің еңбектерінде тілдік тұлға, ақиқат болмыстың тілдегі бейнесі, танымдық әрекет, тілдік сана, тілдік және типтік модельдер, тілдік қатынастың маңызы, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы, ғалам бейнесіндегі тілдің орнысдеген мәселелерге байланысты зерттеулер

жүргізілген. Сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың қалыптасуын Э. Оразалиеваның бес парадигмаға жіктеп қарастыруы, көптеген ғалымдар мойындаған концепциялардың біріне саналады.

Сонымен, «концепт» дегеніміз не? Қазақ тіл біліміндегі еңбектерде терминге былайша бірнеше анықтамалар беріліп жүр:

1) Концепт – ұғым – семантика дегендерді кейде бір ұғым – түсінік деп таниды, кейде олардың арасында айырмашылықтар бар екендігі айтылады. (Ж.Манкеева, Ж.Жампейсова, А.Смайлов, Н.Уалиев);

2) Бірқатар жұмыстарда көркем шығарманың сюжетіне негіз болған сөздер «концепт» деп аталынады;

3) Ұғымның нақты анықтамасы былай деп көрсетіледі: «концепт – адам санасында қалыптасатын, сөйтіп, сол адамның этникалық ортасы болып табылатын ортаның барлық мүшелері үшін белгілі бір түсінік, ұғым болып орнатылған идеал мән. Вербалды құралдар арқылы жеткізілгенде концепт кодталған мәтін түзеді деп анауға болады; ол – нақты бір этникалық орта мүшелерінің стандартталған мінез-құлқы: белгілі бір құбылыс туралы пайымдап, қабылдауларының ортақ болуы» [2.14-б]

Концептінің басты ерекшелігі – оның мәдени реңкте болуы. Ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып табылады. «Концепт – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым». Сол себепті концептілік мәнге ие болатын халық дүниетанымында көптеген танымдар қалыптасқан. Мысалы, «қазақ әйелі», «тары», «ақ-қара», «өзім-өзге», «тіл», «қамшы» т.б. концептілер. Ұлттың дүниетанымында бұдан да басқа концептілік мағынаға ие танымдар өте көп. Сондай концептілердің қатарына қазақ тіліндегі «Тектілік» концептісі жатады. «Тектілік» концептісін тілдік тұрғыда, тілдік қолданыстағы көрінісі мен сипатын талдап көрсек.

Алдымен «тектілік», «текті болу» сөздерінің мағыналарын айқындап салсақ. Текті - адамның қоғамдағы құндылығын айқындайтын ең жоғары ұғым. Текті адам қай дәуірде болмасын ел үшін, қоғам үшін баға жетпес құндылық болып саналған. Тектілердің құндылықтық мәні ешқандай әлеуметтік дәрежелермен, материалдық игіліктермен өлшенбеген, тектілерге деген құрмет, сыйластық – оларға деген халықтың ықыласы әрі бағасы. «Тектілік» – рухани құндылық әрі рухани категория. Салыстырмалы тарихи – лингвистикалық деректер де бұл тұжырымның дұрыстығын дәлелдеп отыр.

«ТЕКТІ» деген ұғым қазақ үшін қандай қасиетке ие болса, «ТЕКСІЗ» деген сөз күллі жеті атасы түгілі жетпіс жеті атасына дейін жететін ауыр сөздің бірі болып саналады. Халықтың сөздік қорындағы кез-келген сөз құнды бола бермейді. Сөздің терең прагматикалық мәнге ие болуы оның мағыналық, концептуалдық өрістеріне тікелей байланысты. Бір сөзбен айтқанда, сөз мағынасының тереңдігі сөздің құндылық ретіндегі мәнімен өлшенеді. «Тектілік» табиғатын танытатын тілдік деректер бұған дәлел:

- Тегі жаман тойда тонымды бер дер;
- Жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ;
- Текті бала тегін болмас;

Жоғарыдағы мысалдарға назар аударсақ, тектілік көп жағдайда жақсы-мінез құлықпен, көргенділікпен, өнегелілікпен, парасаттылықпен байланысты болып келеді. Бұл орайда көрнекті жазушы Ә. Кекілбайұлының: «Кісілік деген – өнер емес, ғылым. Кісіліктің бірден бір белгісі елдікті қаншалықты қастерлей алатынымен өлшенеді» – дегені ойға оралады. Себебі, тек осы кісілік қасиеттерге ие асыл адамдар ғана жалпы ынтымақ пен тұтастықтың көпке бірдей ұйытқысын бастады, қоштады. Олардың бейнесі – тұлғаның өнегелі образы, оқиғаның ажары бола білді.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының 8-томында «тектілікке» мынадай анықтама беріледі: «Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, атабабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық, т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді. Дегенмен, кезкелген адамның әлеуметтік ортада өзін жақсы жағынан көрсете білуге, өзін жетілдіру арқылы белгілі бір қоғамдық дәрежеге жету мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Нағыз тектілік сыпайылықтан, кешірімпаздықтан, мейірбандықтан көрініп, осы ізгі ниетпен ешкімді төмендетпей, шеттетпей биіктеуге мүмкіндік береді. Халқының, Отанының мүддесін жоғары қоя білген адамдардың қатары көбейген сайын тектіліктің де қадірі артып, қоғамдағы қайшылықтар шешімі жеңілдейді» «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» де «тектілікке» дәл осындай анықтама беріледі [3, 796-б].

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының және қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне сүйенсек, ТЕКТІ сөзі – 1. шыққан тегі бір, нәсілдес. 2. тұқымы бір, тұқымдас. 3. тегі, шыққан жері жақсы (кісі) деген мағынаны береді.

Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі мәлімет бойынша ТЕГІ ЖАМАН – ата-бабасы, туысы нашар деген мағынада [4, 93-б], ТЕКСІЗ – 1. тегі белгісіз. 2. ауыс. тәлім-тәрбиесі нашар, көргенсіз. Ал, ТЕКСІЗДІК – тегі жамандық, тәрбиесі нашарлық [4, 98-б] деп көрсетіледі.

«Тектіге» қатысты дәл осындай мәндегі түсініктеме академик Ә.Т. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздігінде» де беріледі: ТЕКТІ Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық Тектілік [5, 16-б].

Сөздіктерде келтірілген мәліметтерге қарасақ, «тектілік» табиғатын қоғамдағы адамдардың әлеуметтік дәрежесі ашып бере алмайды. Керісінше, «тектілік» адам бойындағы асыл қасиеттерді айқындаушы және біріктіруші құндылық, категория ретінде адамның қоғамдағы орнын анықтайды.

Қазақ халқының ұлттық танымындағы «тектіліктің» концептуалдық өрісі тым ауқымды. «Тектілік» табиғатын ашып көрсететін тілдік деректер бұған анық мысал бола алады.

«Тектіліктің» рухани құндылық, категория ретіндегі концептуалдық өрісін Бекет Өтеген «Тектілік: лингвофилософиялық парадигма» атты еңбегінде мақал-мәтелдердегі антипод мәндегі құбылыстар мен ұғымдардың констатациясы негізінде тұжырымдап қарастырады. Және мақал-мәтелдерде көрінетін «тектілік» концептісінің мағынасы мен мәнін келесідей когнитивтік парадигмалар арқылы ашып көрсетеді:

1) «Тектілік – адами сапа» когнитивтік моделі. Қазақ халқы үшін перзентінің ұл не қыз болғандығы немесе олардың санының көп не аз болғандығы емес, ұрпақтарының бойындағы тектілік қасиеттер үлкен маңызға ие. Сапа ұғымы, сапалылық отбасылық өмірден бастап мемлекеттік, қоғамдық деңгейде ерекше қызмет атқарған. Сондықтан да тәрбиеде текті болуды басты назарға алған.

2) «Тектілік – адам болу» когнитивтік моделі. Қазақ халқының дүниетанымында адам болудың, адам атын төмен түсірмеудің ғасырлар бойы қалыптасқан тұжырымдамасы бар. Қазақ отбасында жиі қолданылатын қарапайым «адам бол» деген тіркестің мағынасы өте терең. Дала демократиясына сүйенген қазақ халқы адамдыққа жат іс-әрекет істеген қоғам мүшесін қоғамнан аластап, қаралаған. Рухани мұраларымыз арам мен айлакер болудың жолы көптігін, адамдықтың жалғыз ғана жолы – адамгершілікті сақтау екендігін ұрпаққа үлгі еткен.

3) «Тектілік – абыройлы болу» когнитивтік моделі. Қазақ қоғамында әлеумет үшін, көптің игілігі үшін тер төгіп, еңбек еткен тұлғалар үлкен абырой мен құрметке ие болды. Ұлттық танымда төр – халық мойындаған абыройдың белгісі. Елге еңбегі сіңген текті,

қайраткерлер тұлғалардың халық атынан сөйлеуге құқы болды. Мұндай айрықша құқықты халықтың өзі беріп, тектілерді төріне шығарды. Ел басына күн туған сәттердегі құрылтай мен шұғыл кеңестерде де, бейбіт күндегі мәжілістерде де, тіпті қарапайым отбасының жиынында да есіктен төрге дейінгі арақашықтықта әрбір адамның өзіндік орны болды. «Тектілікті» рухани категория ретінде тану мен бағалаудың айқын көрінісі осыдан-ақ байқалады.

4) «Тектілік – өнегелі болу» когнитивтік моделі. Қазақ қоғамында текті тұлғалардың өзі де, сөзі де айрықша құндылық ретінде бағаланды. Сөзі мен ісі әрқашан қиысып отыратын тектілердің адами болмысы кейінгі ұрпақтары үшін де, халық үшін де өнеге өрісі болды. Адамды жасына қарап емес, басына қарап сыйлайтын дана халқымыз адамның рухани өресін сөзінің салмағымен өлшеді.

5) «Тектілік – түбін білу; елін білу» когнитивтік моделі. Тек – адамның шыққан түбін, негізін білдіретін биологиялық ұғым. Ақылман ақсақалдар мен көнекөз қариялардың «елің кім?» деген сұрағының астарында «шыққан тегің кім?» деген астарлы мағына жатты. Шын мәнісінде тек сұрасудың, тегін білудің астарында «қандай отбасының, қандай елдің тәлімін көрді екен?» деген ой жатты.

Қорыта айтқанда, «тектіліктің» концептілік өрісі ұлттық әдеби мұра шеңберінде өзінің семантикалық, стилистикалық ерекшеліктерімен толық танылады. Ал, біз оны тек қана мақал-мәтелдер негізінде ашуға тырыстық. «Тектіліктің» концептілік келбеті – оның ұлт дүниетанымындағы формулалық модельдері. [6, 83-84-б]

«Тектілікті» бағамдаудағы ұлттың ұғым-түсінігі тілдік мәліметтер арқылы дәлелденді. Осы орайда қазақ қоғамының ең басты ерекшелігі ретінде халқымыздың текті адамның болмысын бағалауда әлеуметтік дәреже немесе жіктелісті негізгі меже ретінде ұстанбайтындығын атауға болады. Қазақ халқы адамды «текті» деп тануда байлығына, мансабына, дәрежесіне ғана қарап бағаламай, ұлттық болмыстың ерекше көрінісі ретінде «тектіге» сыйлы, беделді адам санатында үлкен құрмет көрсеткен, қошемет еткен. Себебі, тектілік негіздерін бойына сіңірген тұлғалардың өнегелі бейнесі ұлт жадында мәңгілік сақталды, жаңа буынның кемелденуіне қызмет етті. Көк Тәңірді көкірегінде тұтқан Күлтегін, Тоныкөк батырлар, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.А.Ясауи, Абай сынды дала данышпандары, ұлттық мемлекеттілік үшін жанын берген Алаш қайраткерлері халық санасында «тектілік» эталоны ретінде бірге жасап келеді. Осыдан-ақ қазақ ұлтының текті болмыстың келешек ұрпақ үшін қаншама тәрбиелік мәні бар екендігін қатты ескергендігі байқалады. «Тектіні» құрметтеп, сыйлаған, «тектілікті» биікке көтерген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Ахметова М. Концепт және оның зерттелуі.-Мақала.-Алматы, 2013.
- 2) Алдашева А. Мәдениет аралық коммуникация және аударма мәселелері.-Жинақ: «Тіл және Жаһандану: бүгін мен болашағы» атты халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары.-Алматы, Арыс, 2008.-13-16б.
- 3) Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.-Алматы:Дайк-Пресс, 2008-968б.
- 4) Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том.-Алматы, 2011-800б.
- 5) Қайдар Ә.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік.-Алматы: Сардар, 2013.-728б.
- 6) Өтеген Б. Тектілік: лингвофилософиялық парадигма: ғылыми зерттеу.-Алматы: Қазақ университеті, 2019.-142б.

References

- 1) Ahmetova M. Konsept және onyñ zertteluі.-Maqala.-Almaty, 2013.
- 2) Aldaşeva A. Mädeniet aralyq kommunikasia және audarma мәseleleri.-Jinaq: «Tıl және Jahandanu: бүginі мен bolaşaғы» atty halyqaralyq ğylymi teorialyq konferensia materialdary.-Almaty, Arys, 2008.-13-16b.
- 3) Qazaq tılınñ түsındırme sözdıgı.-Almaty:Daik-Press, 2008-968b.
- 4) Qazaq ädebi tılınñ sözdıgı. On bes tomdyq. 14-tom.-Almaty, 2011-800b.
- 5) Qaidar Ä.T. Qazaqtar ana tılı äleminde: etnolingvistikalıyq sözdık.-Almaty: Sardar, 2013.-728b.
- 6) Ötegen B. Tektılık: lingvofilosofialyq paradigma: ğylymi zertteu.-Almaty: Qazaq universiteti, 2019.-142b.

DOI 10.53364/24138614_2021_21_2_117
ӘОЖ 656.71

Жумаханова Д.А., магистрант

Ғылыми жетекшісі: Имашева Г. М., т.ғ.д., профессор
Азаматтық авиация аакадемиясы, Алматы қ., ҚР.

¹E-mail: zhumakhanova9802@mail.ru*

²E-mail: gulnar1507@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘУЕЖАЙЛАРЫНДА АВИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

ИССЛЕДОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ АВИАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В АЭРОПОРТАХ КАЗАХСТАНА

RESEARCH OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES OF AVIATION SECURITY AT THE AIRPORTS OF KAZAKHSTAN

Аңдатпа. Авиациялық қауіпсіздік - бұл азаматтық авиацияны заңсыз араласу әрекеттерінен қорғауға арналған шаралар, сондай -ақ адам мен материалдық ресурстар кешені.Ішкі және халықаралық бағыттарда жолаушыларды, олардың қол жүгін, авиациялық қауіпсіздік бағажын тексеру ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолаушылар мен экипаж мүшелерінің өмірі мен денсаулығын қорғау, азаматтық әуе кемелерін басып алу мен ұрлауды болдырмау мақсатында жүргізіледі. Және азаматтық авиация қызметіне қылмыстық элементтердің заңсыз араласуының басқа да әрекеттері, сондай -ақ қаруды, оқ -дәрілерді, жарылғыш құрылғыларды, жарылғыш, улы, тез тұтанатын заттар мен басқа да қауіпті жүктерді заңсыз тасымалдаудың алдын алу.

Түйін сөздер: Авиациялық қауіпсіздік, жолаушылар, әуе кемесі, басып алу, қару оқ -дәрілер, жарылғыш құрылғылар, улы, тез тұтанатын заттар.

Аннотация. Авиационная безопасность-это комплекс мер, призванных защитить гражданскую авиацию от действий незаконного вмешательства, а также человеческих и материальных ресурсов.Досмотр пассажиров, их ручной клади, багажа авиационной безопасности на внутренних и международных маршрутах проводится в целях

обеспечения безопасности полетов, защиты жизни и здоровья пассажиров и членов экипажа, предотвращения захвата и хищения гражданских воздушных судов. И других действий незаконного вмешательства преступных элементов в деятельность гражданской авиации, а также предупреждения незаконной перевозки оружия, боеприпасов, взрывных устройств, взрывчатых, ядовитых, легковоспламеняющихся веществ и других опасных грузов.

Ключевые слова: Авиационная безопасность, пассажиры, самолеты, угон, боеприпасы, взрывчатые, токсичные, легковоспламеняющиеся вещества.

Abstract. Aviation security is a set of measures designed to protect civil aviation from illegal interference, as well as human and material resources. The inspection of passengers, their hand luggage, and aviation security baggage on domestic and international routes is carried out in order to ensure flight safety, protect the life and health of passengers and crew members, and prevent the seizure and theft of civil aircraft. And other actions of illegal interference of criminal elements in the activities of civil aviation, as well as preventing the illegal transportation of weapons, ammunition, explosive devices, explosives, toxic, flammable substances and other dangerous goods.

Key words: Aviation security, passengers, aircraft, hijacking, ammunition, explosive, toxic, flammable substances.

Кіріспе. Әуе көлігі дамығаннан бастап, жолаушыларды, бағажды, сондай-ақ әр түрлі жүктерді әуе арқылы тасымалдау мүмкіндігі пайда болғаннан бері әр түрлі авиациялық кешендер мен аэродром терминалдарында адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін авиациялық қауіпсіздік жүйесін әзірлеу қажет болды. Қазіргі кезеңде авиациялық қауіпсіздік авиацияны оның қызметіне заңсыз араласудан қорғау жағдайы ретінде қарастырылады. Авиациялық қауіпсіздіктің өзіндік мақсаты, міндеттері, зерттеу пәні, таным құралдары мен практикалық және теориялық (ғылыми) шешуге қолданылатын принциптері бар.

Әуежайдың жұмыс жүйесінде авиациялық қауіпсіздік қызметін құру маңызды орындардың бірін алады. Бұл шаралардың дұрыс орындалуы жолаушылар мен әуежай қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, олардың мүлкі, әуежайдың материалдық құндылықтарын анықтайтындығымен түсіндіріледі.

Негізгі бөлім. Әуежайды келесі сипаттамаларға сәйкес жұмыс істейтін күрделі жүйе ретінде қарастыруға болады:

1. Тұтастық. Бір басқаруға бағынатын және бір мақсатқа біріккен әр түрлі әуежай қызметтерінің бар екендігін растайтын белгі.

2. Иерархия әуе тасымалының бірыңғай басқарылуына негізделген;

3 Жүйенің жекелеген элементтерінің өзара байланысы жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың технологиялық процесі мен қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін бір -біріне қажетті ақпаратты беру арқылы біріктірілген әуежай қызметтері арасында бір немесе бірнеше байланыстардың болуымен сипатталады;

4. Кері байланыс болуы жолаушылар мен жүктерді тасымалдау бойынша қызметтерді көрсетудің барлық кезеңдерінде басшылықтың табысқа жетуін көрсетеді және тасымалдауды басқару органдары берген барлық тапсырыстардың уақытылы орындалуын болжайды;

5. Жаңалық (пайда болу) анықталады. Барлық әуежай қызметтерінің бірлескен әрекеттерімен кестеге, әуе кемесінің маршрутындағы метеорологиялық жағдайларға, оны тиеу шарттарына және т.б. сондай -ақ ӘҚБ, күзет қызметтері мен басқа да

органдардың әуежайды оның қызметіне заңсыз араласудан қорғау бойынша бірлескен қызметі;

6. Функционалдылыққа әуежайдың әр түрлі қызметтері негізгі мақсатты - уақытылы және қауіпсіз орындалуға бағытталған мақсаттар жиынтығымен қол жеткізеді. Жолаушылар мен жүктерді межелі жерлерге жеткізу

7. Минималдауға әрбір оңтайлы тапсырманы орындау үшін әрбір әуежай қызметінің жұмыс істеуімен қол жеткізіледі, оның орындалуы.

Қозғалысты оңтайландыру және әуежайдың өмірлік маңызды аймақтарына террористер мен рұқсат етілмеген адамдардың енуін болдырмау, кіруді ұйымдастыру. және әуежайда мекемешілік режим қамтамасыз етілген. Әуежайдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көптеген параметрлерді ескеру қажет. Көптеген жағдайларда ең заманауи техникалық құралдар мен технологияларды енгізу арқылы авиациялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейіне жетуге тырысады. Алайда, техникалық құралдар тапсырманың бір бөлігін ғана шешеді, қауіпті анықтау және рефлексия. Бірақ адами фактор мәселесі жиі кездеседі.

Бүгінде тексеру үшін мыналар қолданылады:

- радиациялық бақылау жабдығы;
- снарядты стационарлық металл детекторы;
- қолмен ұсталатын металл іздегіш;
- адамды тексеруге арналған сканерлейтін рентген қондырғысы;
- бағажды тексеруге арналған стационарлық конвейерлік рентген қондырғысы;
- жарылғыш заттар мен олардың іздерін диагностикалауға арналған портативті детектор (хроматограф).

- Іс жүзінде бұл құрылғылардың әрқайсысы келесідей жұмыс істейді: - радиациялық бақылау жабдығы.

- радиоактивті заттарды анықтайды және жарылғыш заттарды, қаруды, дәрілерді, қару патрондарын, жарылғыш құрылғыларды, жарылғыш құрылғылардың элементтерін анықтамайды;

- стационарлық металл детектор
- металды анықтайды және радиоактивті заттарды, жарылғыш заттарды, қару-жарақты, оқ-дәрілерді, қару патрондарын, жарылғыш құрылғыларды, жарылғыш құрылғылардың элементтерін анықтамайды, егер бұл барлық оқ -дәрілерде металл болмаса;

- қолмен ұстайтын металл детекторы металды анықтайды және радиоактивті заттарды, жарылғыш заттарды, қаруды, оқ-дәрілерді, патрондарды анықтамайды.

Егер бұлардың барлығында металл компоненттері болмаса адамды тексеруге арналған сканерлік рентген қондырғысы радиоактивті заттарды, жарылғыш заттарды, қаруды, оқ-дәрілерді, қару патрондарын, жарылғыш құрылғыларды, жарылғыш құрылғылардың элементтерін анықтамайды. Ол тек монитор экранында суретті көрсетеді. Бірақ оның көмегімен тиісті дайындықпен авиациялық қауіпсіздік офицері радиоактивті заттарды, жарылғыш заттарды, қаруды, оқ -дәрілерді, қару патрондарын, жарылғыш құрылғыларды, жарылғыш құрылғылардың элементтерін анықтай алады; - конвейерлік типті стационарлық рентген қондырғысы радиоактивті заттарды, жарылғыш заттарды, қаруды, оқ-дәрілерді, қару патрондарын, жарылғыш құрылғыларды, жарылғыш құрылғылардың элементтерін анықтамайды. Ол тек монитор экранында суретті көрсетеді. ӘҚБ қызметкері тиісті дайындықтан өтіп, қарастырылып жатқан заттар мен заттарды анықтай алады;

- жарылғыш заттар мен олардың іздерін диагностикалауға арналған портативті детектор (хроматограф) радиоактивті заттарды, жарылғыш заттарды, қаруды, оқ -

дәрілерді, қару патрондарын, жарылғыш құрылғыларды, жарылғыш құрылғылардың элементтерін анықтамайды.

Ол авиациялық қауіпсіздік қызметкері детектордың қабылдау аймағына әкелетін жарылғыш заттардың іздерін диагностикалайды. Әуежай қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өте қиын болуының бірнеше себептері бар. Оларға мыналар жатады:

- объектінің үлкен ауданы;
- әуежай қызметкерлерінің көптігі;
- адамдардың үлкен ағымы.

Қорытынды. Бәрімізге мәлім Авиацияда жолаушылар тасымалын ұйымдастырудағы маңызды мәселе - азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі. Заңсыз араласу әрекеттеріне байланысты оқиғаларды болдырмау үшін әуе көлігінің қауіпсіздігіне жауапты адамдар қауіпті адамдардан бір саты жоғары болуы керек. Жұмыс заңсыздықтың алдын алудың жаңа инновациялық әдістерін қолдана отырып, авиациялық қауіпсіздіктегі бар мәселелерді шешуге кешенді тәсіл қолданды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Волинский-Басманов Ю.М. Профилинг. Заңсыз әрекеттердің алдын алу технологиялары: оқу құралы. «Құқықтану» және «Құқық қорғау қызметі» мамандықтары бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған нұсқаулық / [Ю.М. Волинский-Басманов және басқалар]; ред. Ю.М. Волинский-Басманов, Н.Д. Ериашвили. - 2 -ші басылым, Аян. және қосыңыз. —М.: UNITY-DANA: Заң және құқық, 2012. —173 б.

2. Шетелдік әскери шолу журналы [Электронды ресурс]: мәселелер мұрағаты. - Электронды деректер.-Қол жеткізу режимі: <http://www.zvo.su/> тегін.

3. «ХАБАРОВСК АЭРОпорт ААҚ» әуежайының сайты [Электронды ресурс] .- Кіру режимі: <http://www.airkhv.ru/>

4. ELSYS компаниясының сайты [Электронды ресурс] .- Кіру режимі: <http://www.allventure.ru/>

5. ELSYS компаниясының сайты (бағасы) [Электронды ресурс] .- Қол жеткізу режимі: <http://www.psymaker.com/>

References

1. Volinski-Basmanov Ju.M. Profiling. Zańsyz äreketterdiń aldyn alu tehnologialary: oqu qũraly. «Qũqyqtanu» jäne «Qũqyq qorǵau qyzmeti» mamandyqtary boiynsa oqityn joǵary oqu oryndarynyń studentterine arnalǵan nũsqaulıq / [Ju.M. Volynski-Basmanov jäne basqalar]; red. Ju.M. Volynski-Basmanov, N.D. Eriaşvili. - 2 -şı basylym, Aian. jäne qosyńyz. —M.: UNITY-DANA: Zań jäne qũqyq, 2012. —173 b.

2. Şeteldik äskeri şolu jurnaly [Elektrondy resurs]: mäseleler mũraǵaty. -Elektrondy derekter.-Qol jetkizu rejimi: <http://www.zvo.su/> tegin.

3. «HABAROVSK AEROport AAQ» äuejaiynyń saity [Elektrondy resurs] .- Kiru rejimi: <http://www.airkhv.ru/>

4. ELSYS kompaniasynyń saity [Elektrondy resurs] .- Kiru rejimi: <http://www.allventure.ru/>

5. ELSYS kompaniasynyń saity (baǵasy) [Elektrondy resurs] .- Qol jetkizu rejimi: <http://www.psymaker.com/>

DOI 10.53364/24138614_2021_21_2_121

УДК 656.7:504

¹Абдибек П. А., магистрант
Научный рук.: ²Карсыбаев Е. Е., д. т.н., профессор
Академия Гражданской Авиации^{1,2}
Казахстан, г.Алматы, РК

¹E-mail: Pernekhan.98@mail.ru*

²E-mail: erzhlogist@mail.ru

**ОПТИМИЗАЦИЯ ПРОЦЕДУР ЭКСПЛУАТАЦИЙ САМОЛЕТОВ
ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ С ЦЕЛЬЮ УМЕНЬШЕНИЯ ИХ
НЕБЛАГОПРИЯТНОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ**

**АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРІН
АЗАЙТУ МАҚСАТЫНДА ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫН
ОҢТАЙЛАНДЫРУ**

**OPTIMIZATION OF PROCEDURES FOR THE OPERATION OF CIVIL
AIRCRAFT IN ORDER TO REDUCE THEIR ADVERSE IMPACT ON THE
ENVIRONMENT**

Аннотация. Современная гражданская авиация оказывает неблагоприятное воздействие на окружающую среду. Хотя гражданская авиация не относится к числу отраслей, оказывающих существенное влияние, некоторые ее объекты являются определяющими источниками неблагоприятных воздействий в районе и окрестностях аэропорта. Кроме того неблагоприятные воздействия в районе аэропорта зачастую превышают предельно допустимые значения. Таким образом основных источников неблагоприятного воздействия на окружающую среду являются самолеты. К факторам неблагоприятного воздействия самолетов на окружающую среду относятся: шум, выбросы загрязняющих (химических) веществ, электромагнитные излучения, звуковые удары. В настоящее время при эксплуатации самолетов в районе аэропорта наиболее важными факторами неблагоприятного воздействия считаются авиационный шум, и выбросы загрязняющих веществ, которые существенно влияет на здоровье, организм человека.

Ключевые слова: окружающую среда, аэродром, воздушные судна, аэропорт, электромагнитные излучения, звуковой удар, химические вещества, здоровье человека.

Аңдатпа. Қазіргі азаматтық авиация қоршаған ортаға қолайсыз әсер етеді. Азаматтық авиация саласы қатты ластаушы болмаса да, оның кейбір нысандары әуежай мен оның айналасындағы жағымсыз әсерлердің негізгі көзі болып табылады. Сонымен қатар, әуежай аймағындағы жағымсыз әсерлер кейде рұқсат етілген шектен асып түседі. Ұшақтар қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету мен қатар адамның денсаулығына әсер ететін дыбысты дауылдардың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Әуе кемесінің жағымсыз әсер ету факторларына мыналар жатады: шу, ластаушы заттардың шығарындылары, электромагниттік сәулелену, дыбыстық шуылдар. Қазіргі уақытта әуе

кемелерінің шуылдары және ластаушы заттардың шығарындылары әуежай аумағында әуе кемелерін пайдалану кезінде жағымсыз әсер етудің маңызды факторлары болып саналады.

Түйін сөздер: Қоршаған орта, аэродром, әуежайлар, ұшақтар, электромагниттік сәулелену, дыбыстық шуылдар, химиялық заттар.

Abstract. Modern civil aviation has an adverse impact on the environment. While civil aviation is not a significant industry, some of its sites are a major source of adverse impacts in and around the airport. In addition, adverse impacts in the airport area often exceed the maximum permissible values. Thus, airplanes are the main sources of adverse environmental impacts. Factors of adverse impact of aircraft on the environment include: noise, emissions of polluting (chemical) substances, electromagnetic radiation, sound shocks. At present, during the operation of aircraft in the airport area, the most important factors of adverse impact are aircraft noise and emissions of pollutants that significantly affect health and the human body.

Key words: environment, objects, aircraft, airport, electromagnetic radiation, sonic boom, health of people.

Введение

